Bykil çer çyzinin proletarlarь, birigiŋder!

Sentəbrdiŋ
8
1936-çьl.
Sejsembi
№ 207 (3911)
Baqasь 10 tьjьn

# SOTSIJALDЬ QAZAQSTAN

BK(b)P elkelik komijtetiniŋ, Qazaq ykimetiniŋ, Kəsipcilik odaqtarьnьŋ elkeliksovetiniŋ çana BK(b)P Almatь oвlьstьq komijtetiniŋ gazeti.



**SSSR dьꞑ qalьq ərteskasь Kyləc Bəjseiitiʙa**

—★— —★—

# Muvzьka teatrьnda quvanьсtь mijtingi

Kece Qazaƣьstan astanasьnьꞑ mədenijet yjinde Qazaƣьstan muvzьka teatrь kollektiʙiniꞑ mijtingisi ʙoldь. Bul mijtingi quvanьc, cattьq mijtingisi, ult mədenijeti kyn sanap, qulac sermep, ərlep kele çatqan Qazaƣьstan respuʙlijkasьnьꞑ mədenijet armijasьnьꞑ taƣь da ʙir taʙьs mijtingisi ʙoldь. Yjtkeni, ʙygin Qazaƣьstannьꞑ orьs, qazaq muvzьka teatrlarь ʙirigip Qazaƣьstan muvzьka teatrь ʙolьp, kərkem salьnƣan mədenijet yjiniꞑ taʙaldьrьƣьn attaƣan kyni, quvanьc ystine quvanьc ʙolьp Məskevden taƣь da ʙir qaʙar alьndь. Ol-Kyləc Bajsejitiʙa çoldastьꞑ SSSR Qalьq artijskasь ʙolьp ataq alƣandьƣь edi.

Quvanьсtь mijtingini respuʙlijkamьzdьꞑ ordendь artijsteriniꞑ ʙiri Çandarʙekip Qurmanʙek çoldas acьp ʙьlaj dedi:

— Odaqtьq ykimetimizdiꞑ qaulьsь ʙojьnca, Kyləc SSSR Qalьq artijskasь ataƣьn alƣan qaʙarьn estidik. Bul çeke Kyləctiꞑ ƣana quvanьcь emes, ʙykil kollektiʙimizdiꞑ quvanьcь, ʙul respuʙlijkamьzdьꞑ mədenijet majdanьndaƣь zor taʙьsь dep ʙilyvimiz kerek. Kyləc çoldas ʙul ulь ataqqa eziniꞑ asqan enerli isi men çetti. Ol nece çьl ʙojь ult mədenijetin kərkejtyv çolьnda çan-təninn salьp enʙek siꞑirdi, ol kyndelikti isinde paꞑdanʙaj, taʙьsqa çelikpej, ener ystine ener qosuvƣa ьnta saldь. Өziniꞑ isin çaqsь syjdi, temirdej tərtipti qattь saqtadь. Mine, Kyləctiꞑ ʙul qasijeti—Soʙet eliniꞑ ças-gerojijnasьna lajьq qasijet.

Qazaƣьstannьꞑ muvzьka teatrьnьꞑ çaꞑa dijrektorь Aksarijn Aleksandr çoldas, Çumat Canijn, ordendь artijstka Çandarʙekiʙa Cəra çoldastar sejledi.

SSSR dьꞑ Qalьq artijskasь ataƣьn alƣan Kyləc Bajsejitiʙa çoldasqa sez ʙerilgende ʙykil kollektiʙ uzaq vaqьt qol capalaqtadь.

## *Kyləctiꞑ sezi*

— Çoldastar, men çyregimniꞑ quvanьcьn qandaj sez ʙen çetkizerimdi ʙilmej sasьp turmьn. Tutqьjьlda estigen ʙul quvanьсtь qaʙardь, partija men ykimetimniꞑ meni osьnca ardaqtaʙьn ʙaƣalap sez çetkize almajmьn. Meniꞑ ʙul quvanьcьm ʙykil qazaq əjelderiniꞑ quvanьcь dep ʙilemin. Maƣan ʙergen ʙul ataq qazaq qьzьna ʙerilgen ataq dep tysinemin. Meni osьnca qurmettep quvanьcьma ortaq ʙolƣandьqtarьꞑьz ycin ʙykil kollektiʙke alƣьs ajtamьn.

Meni osьnca ardaqtap ulь ataq ʙergen ulь ustazьmьz—Stalinge, Lenin-Stalin partijasьna, Soʙet ykimetine ulь otanьmnьꞑ kerkem eneriꞑ gyldengen ystine gyldendiryv çolьnda ʙar kyc, ʙar çigerimdi salьp, emiʙ ʙojь qьzmet istevge dajьn-ekendigimdi ʙildiremin.

Teatrdьꞑ ʙykil kollektiʙi ʙiz Kyləctiꞑ ulь ataƣьna cьn çyrek pen quvanƣandьƣьmьzdь ʙildiremiz, aldaƣь vaqьtta Qazaƣьstannьꞑ ult mədenijetin, kerkem eneriꞑ gyldengen ystine gyldendiryvge, ortamьzdan talaj Kyləctar tərʙijelep сьƣaruvƣa vəde ʙeremiz, dedi.